

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Ақтөбе қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тұрғын үй қорын қамтамасыз ету және мониторинг жүргізу бойынша орталық" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2025 жылғы 30 қазандағы № 336 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе қаласының жергілікті атқарушы органы айқындаған тәртібі мен шарттарына сәйкес жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Ақтөбе қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тұрғын үй қорын қамтамасыз ету және мониторинг жүргізу бойынша орталық" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына 50 (елу) пайыз мөлшерінде ынталандыру үстемеақылары белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қалалық мәслихатының төрағасы

А. Даржанова